

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 406-408

СИЫРЛАРДЫҢ ШУЫ КЕШЕУІЛДЕУІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰЛПАЛЫ ПРЕПАРАТТЫҢ ФИЗИКО-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІН АНЫҚТАУ

Сахария Л.

Қазақстан елінде ауыл шаруашылығын дамыту үшін жаңа стратегиялық жобалар қолға алынып, осыған қатысты іргелі жұмыстар өткізілуде.

Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселеге қатысты арнайы тұстары көп.

Ал, мал шаруашылығын дамытудың кез-келген деңгейінде жануарлар басын көбейту үдерісі оны ұдайы өндіру, санитарлық тұрғыдан таза, жарамды өнімдер шығаруына қатысты жұмыстарымен тікелей байланыста өтуі тиісті екені түсінікті [1, 2].

Осы тұрғыдан табиғи емдеу тәсілдеріне ұлпалы терапияны жатқызуға болады. Ұлпалы терапия – ынталандырушы терапиялық әдіс ветеринарлық тәжірибеде кеңінен етек алған. Ұлпалы препараттың мақсаты организмде емдік және алдын –алу әдістердің негізі болып саналады. Арнайы әзірлеу жануарлардың немесе өсімдік ұлпаларынан консервілеу жолымен жасалады. Ұлпалы препаратты организмде қорғаушы ынталандырғыш күш ретінде қолданады [3, 4].

Бұған мысал ретінде жағымсыз әсерлері аз, бағасы арзан, дайындау тәсілінің қарапайымдылығымен сипатталатын жануар ұлпаларынан ұлпалы препараттардың пайдалануын келтіре аламыз. Сонымен қатар, ұлпалы препараттар ағзаларда өсуді үдету мақсаттарында да қолданады. Ағза үшін бөгде болып табылатын синтетикалық препараттарға қарағанда, құрылысында табиғи бөлшектері бар ұлпалы препараттардың жануарлар полиостазын тұрақтандыратын физиологиялық әдіс ретінде қарастырған дұрыс [5].

Осы таңда биологиялық белсенді ұлпалы препаратты қолданудың маңызы артып келеді. Ол өз кезегінде жануарлар ағзасының тұрақты резистенттілігін арттырып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми жұмыс 2015 жылы С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ «Ветеринарлық медицина» кафедрасының зертханасында және Физика және химия кафедрасының "Биологиялық белсенді заттарды физика - химиялық зерттеу әдістері" ғылыми - зерттеу зертханасында жүргізілді.

Ұлпалы препараттың құрамындағы аминқышқылдарды анықтау мақсатында, әртүрлі химиялық реагенттерді пайдаланып, бағаналы

хроматография әдістерін қолдандық. Ұлпалы препараттың биохимиялық құрамын «BioChem FC-200» биохимиялық анализаторымен анықталды.

Кесте-1. Ұлпалы препаратты хроматографиялық зерттеу кезіндегі нәтижесі

№	Аминқышқылдарының Атауы	Аминқышқыл белгілеуіштер	Ұлпалы препаратта анықталған аминқышқылдары
1.	Аспарагин	0,23	-
2.	Глутамин	0,25	0,25
3.	Пролин	0,25	0,25
4.	Лизин	0,30	-
5.	Гистидин	0,36	-
6.	Аргинин	0,43	-
7.	Триптофан	0,56	-
8.	Треонин	0,59	-
9.	Аланин	0,61	-
10.	Серин	0,62	-
11.	Аспаргин қышқылы	0,68	0,67
12.	Цистеин	0,70	0,73
13.	Глутамин қышқылы	0,75	-
14.	Валин	0,81	0,80
15.	Метионин	0,93	-
16.	Изолейцин	0,95	0,95
17.	Лейцин	0,98	-
18.	Фенилаланин	0,99	-

Жұқа қабатты хроматография жүргізудің нәтижесінде жоғарыдағы кестеде көрсетілген аминқышқылдарының ішінде ұлпалы препараттың құрамынан глутамин, пролин, аспаргин қышқылы, цистеин, валин және изолейцин аминқышқылдары анықталды.

Кесте - 2. Ұлпалы препараттың құрамындағы биохимиялық көрсеткіштер

Элементтің толық атауы	Элементтің көрсеткіші	Өлшем бірлігі
Жалпы белок	6	г/л
АЛТ(аланинаминотрансфераза)	2	ӨБ/л
АСТ(аспартатаминотрансфераза)	1	ӨБ/л
Жалпы билирубин	0,00	Мкмоль/л
Тікелей билирубин	0,5	Мкмоль/л
Магний	0,2	Моль/л
Кальций	0,2	Моль/л
Креатинин	423	Ммоль/л
Несеп қышқылы	40	Ммоль/л

Глюкоза	1,1	Моль/л
Холестерин	0,2	Моль/л
Несеп азоты	4,0	Моль/л
Сілтілік фосфатаза	7	ӨБ/л

Кестені талдайтын болсақ ұлпалы препараттың құрамында жалпы белоктың 6 г/л, магний 0,2 ммоль/л, кальцийдың 0,2ммоль/л, кератинин 423 г/моль, несеп қышқылының 40г/моль, глюкозаның 1,1ммоль бар екені анықталды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, сиыр шуының кешеуілдеуінде қолданылатын амнион қабатынан дайындалған ұлпалы препараттың құрамынан алмаспайтын валин,изолейцин амин қышқылдары және алмасатын глутамин, аспаргин қышқылы, цистеин, пролин аминқышқылдары анықталды.

Сонымен қатар кейбір биохимиялық көрсеткіштер анықталды. Олар организмге жалпы әсер ете отырып, организмнің резистенттілігін жоғарлатуға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдірахманов Т.Ж. Сиырлардың репродуктивті органдарының аурулары / Астана,2009.- 29 бет/
2. Баталин Ю.Е. Особенности патологии воспроизводства крупного рогатого скота // Материалы Всеросс. науч.метод. конф. Патологоанатомов ветеринарной медицины. Омск ,2000.- с 171-172.
3. Колчина А.Ф. Применение нового средства на основе глицеролата кремния для лечения коров при задержании последа // Аграрный вестник Урала.-2011.-№12.-С.26-287
4. Джакупов И.Т., Есжанова Г.Т., Жамантаев Д.С. Причины снижения воспроизводительной функции коровзависимых пород в условиях Северного Казакстана // Инновации – путь к новому этапу развития АПК: материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 100-летию проф. М.И. Гендельмана. – Астана ,2013. – С. 52-55
5. Aniulis E. Karriu endometrito gydymas antimicrobinialis preparatis proteolizinalis fermentatis // Vet.-Vilnius -1991. №20.- p. 3-7

Жетекші: Әбдірахманов Т.Ж., в.ғ.д., профессор